

Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2026 жылғы 29 сәуірдегі № 42 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 сәуірде № 38625 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 19.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабы 1-тармағының төртінші бөлігіне, 4-тармағының екінші бөлігіне, 41-2-бабының 1-тармағына, 41-3-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне, 41-4-бабының екінші бөлігіне және 46-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төлем жүйелері және цифрлық қаржы технологиялары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 19 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы

Т. Сулейменов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2026 жылғы 29 сәуірдегі
№ 42 қаулысымен
бекітілді

Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) 41-1-бабы 1-тармағының төртінші бөлігіне, 4-тармағының екінші бөлігіне, 41-2-бабының 1-тармағына, 41-3-бабы 4-тармағының екінші бөлігіне, 41-4-бабының екінші бөлігіне және 46-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және онда мыналар айқындалады:

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) цифрлық теңгені шығару және өтеу тәртібі мен шарттары;
- 2) цифрлық шотты ашу және жабу тәртібі;
- 3) цифрлық теңге платформасына, цифрлық теңге платформасына қатысушыларға және цифрлық шот иелеріне қойылатын талаптар;
- 4) цифрлық теңге платформасына қатысушының цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруын тоқтату шарттары;
- 5) цифрлық шотқа қолжетімділік беру, цифрлық шотқа қолжетімділікті тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату тәртібі;
- 6) цифрлық теңгені есепке алу, сақтау және оларды басқару құралы ретінде сыртқы электрондық жеткізгіштерді пайдалану шарттары мен тәртібі;
- 7) цифрлық теңгемен жасалатын операциялардың түрлері және оларды жасау тәртібі;
- 8) цифрлық теңгені таңбалау және цифрлық теңгені пайдалану кезінде цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарын қолдану тәртібі мен шарттары;
- 9) таңбаланған цифрлық теңгені және цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарын пайдалану және олардың жұмыс істеу ерекшеліктері;
- 10) Ұлттық Банктің цифрлық теңге платформасының үздіксіз жұмыс істеуін және тәуекелдерін басқару тәртібі;
- 11) цифрлық теңге платформасының және цифрлық теңге платформасына қатысушылардың ақпараттық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар;
- 12) цифрлық шотты ашуға арналған өтінім нысаны, цифрлық шот шартының мазмұнына қойылатын талаптар және цифрлық шот ашылған сәтте оның иесіне берілетін жеке сәйкестендіру кодының форматы;
- 13) цифрлық шот иелерінің операцияларына қызмет көрсеткені үшін цифрлық теңге платформасына қатысушылардың комиссиялық сыйақысының түрлері мен шекті мөлшері;
- 14) цифрлық шотқа қызмет көрсететін цифрлық теңге платформасына қатысушы арқылы цифрлық шоттағы цифрлық теңгені толықтыру және цифрлық шоттан шығару тәртібі мен шарттары;
- 15) цифрлық шотқа қызмет көрсететін цифрлық теңге платформасына қатысушыны ауыстыруды жүргізу тәртібі мен шарттары және өтініштің үлгі нысаны.

2. Ұлттық Банк цифрлық теңге платформасының операторы (бұдан әрі – Оператор) болып табылады, цифрлық теңгені шығарады, Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық теңгенің айналысын және өтеуді ұйымдастырады, цифрлық теңге платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және цифрлық теңге платформасына қатысушылармен жасалатын шарттарда белгіленген өзге де функцияларды орындайды.

3. Ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымын басқару жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі – Ұлттық орталық) болып табылатын "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ұлттық төлем корпорациясы" акционерлік қоғамы Оператордың тапсырмасы бойынша Оператормен жасалған шарт негізінде Цифрлық теңге платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша операциялық және технологиялық функцияларды жүзеге асырады.

4. Қағидаларда "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аудиторлық із – электрондық хабарларды өңдеу оқиғаларын цифрлық теңге платформасында жүйелі түрде тіркеу, олар бойынша ақпарат цифрлық теңге платформасында сақталады және оларды қатысушылар да сақтайды;

2) аутентификация – төлем және ақпараттық хабарлармен алмасу кезінде цифрлық теңге платформасына қатысушылардың түпнұсқалығын, сондай-ақ төлем және ақпараттық хабарлардың түпнұсқалығын растауға арналған шаралар кешені;

3) криптографиялық кілттер – электрондық цифрлық қолтаңбаны қалыптастыруға және тексеруге, цифрлық шоттарға қол жеткізуді растауға және цифрлық теңге платформасында операциялар жүргізуге арналған криптографиялық алгоритм бойынша қалыптастырылған электрондық цифрлық символдардың бірегей қатары;

4) операциялық тәуекел – ақпараттық жүйелердің немесе ішкі процестердің кемшіліктеріне, адам жасаған қателіктерге, цифрлық теңге платформасын басқарудағы, оның ішінде сыртқы оқиғалар салдарынан іркілістерге немесе бұзушылықтарға байланысты тәуекел;

5) техникалық құжаттама – Ұлттық орталықтың технологиялық және ұйымдастырушылық талаптарды, хабар алмасу рәсімдері мен форматтарын, цифрлық теңге платформасына қатысушыларды аутентификаттау және олардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайтын регламенттеу құжаттарының жиынтығы;

6) электрондық ақпараттық хабарлама (бұдан әрі – ақпараттық хабар) – электрондық цифрлық қолтаңбасы бар, төлем хабарларына жатпайтын және ақпараттық сипатта болатын электрондық хабар, оның ішінде үзінді-көшірме;

7) электрондық төлем хабары (бұдан әрі – төлем хабары) – электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық хабар, оның негізінде цифрлық теңге платформасында цифрлық теңге төлемдері және (немесе) аударымдары жүргізіледі.

2-тарау. Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу тәртібі

5. Ұлттық Банк цифрлық теңгенің эмитенті болып табылады. Ұлттық Банк цифрлық теңге платформасына қатысушылармен (бұдан әрі – платформаға қатысушы) жасалған цифрлық теңге платформасында қатысу шарттарына (бұдан әрі – қатысу шарты) сәйкес олардан алынған ақша сомасы шегінде цифрлық теңгені шығарады. Ұлттық Банк өзі шығарған цифрлық теңгенің жалпы сомасының платформаға қатысушылардан қабылданған ақшаның жалпы сомасына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

6. Ұлттық Банк цифрлық теңгені платформаға қатысушының цифрлық шотына есепке жатқызған сәттен бастап цифрлық теңге айналысқа шығарылған болып саналады.

7. Цифрлық теңге платформасында төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру мақсатында цифрлық теңгенің айналысы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүзеге асырылады.

8. Цифрлық теңгемен операциялар цифрлық теңге платформасында жүзеге асырылады.

9. Платформаға қатысушы техникалық құжаттама талаптарын сақтаған кезде жеке тұлғаларға – цифрлық теңге платформасын пайдаланушыларға (бұдан әрі – платформаны пайдаланушы) цифрлық шот шартының талаптарына сәйкес цифрлық теңгені басқаруға мүмкіндік беретін сыртқы электрондық жеткізгіштерде цифрлық теңгені сақтауға жол беріледі.

10. Платформаға қатысушы қалыптастырған сұратудың негізінде Оператор платформаға қатысушының Ұлттық Банкте ашылған корреспонденттік шотына балама ақша сомасын есепке жатқызу арқылы цифрлық теңгені өтейді.

11. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушылардың цифрлық шоттарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтатқан кезде мынадай іс-қимылды жүзеге асырады:

1) егер цифрлық шот шартында өзгеше тәртіп көзделмесе, қызметі тоқтатылғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын цифрлық шоттардың иелеріне қолда бар мекенжайы бойынша платформаға қызмет көрсететін қатысушыны ауыстыру қажеттілігі туралы электрондық нысанда не оны алғаны туралы хабарламасы бар пошта арқылы хабарлама жібереді;

2) қатысу шартында көзделген мерзімдерде және тәсілмен платформаны пайдаланушылардың цифрлық шоттарына қызмет көрсету жөніндегі қызметтің тоқтатылғаны туралы Операторды хабардар етеді;

3) қызметі тоқтатылғанға дейін күнтізбелік бес күн бұрын Операторға платформаны пайдаланушылар саны, платформаны пайдаланушылардың банктік шоттарынан мәжбүрлеп есептен шығарылған және есепке жатқызылған цифрлық теңге сомасы, платформаны пайдаланушылардың саны және платформаның басқа қатысушыларына

аударылған цифрлық теңге сомасы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтерді еркін нысанда ұсынады.

12. Платформаға қатысушы тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың онына (қоса алғанда) дейін Операторға платформаны пайдаланушылардың саны және платформаны пайдаланушылардың цифрлық шоттарындағы цифрлық теңге қалдықтарының жиынтық көлемі туралы ақпаратты, оның ішінде сыртқы электрондық жеткізгіштердегі цифрлық теңге қалдықтарының көлемін көрсете отырып электрондық түрде жібереді.

3-тарау. Платформаны пайдаланушының цифрлық шоты

1-параграф. Цифрлық шот ашу

13. Платформаға қатысушы пайдаланушыға цифрлық теңге платформасында цифрлық шот ашады. Платформаға қатысушы цифрлық теңге платформасын бір пайдаланушыға біреуден аспайтын цифрлық шот ашады.

Жинақ шоты режимінде цифрлық шот ашуға жол берілмейді.

14. Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша платформаны пайдаланушының қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде ұсынылған өтінімі (бұдан әрі – өтінім) негізінде платформаға қатысушы мен платформаны пайдаланушы арасында цифрлық шот шарты жасалған кезде цифрлық шот ашылады.

15. Платформаны пайдаланушы цифрлық теңгені қолма-қол ақша есебінен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен сатып алады.

16. Цифрлық теңге платформасына қатысушы мен цифрлық шот иесі арасында жасалған Цифрлық шот шартында Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 41-1-бабының 3-тармағында көзделген талаптар, сондай-ақ:

- 1) платформаны пайдаланушының сәйкестендіру нөмірі;
- 2) платформаны пайдаланушының жеке сәйкестендіру коды;
- 3) цифрлық теңге платформасына қатысушының осы қызметтерді көрсетуі кезінде цифрлық теңгені таңбалау және смарт-келісімшартын қалыптастыру талаптары;
- 4) цифрлық теңге платформасына қатысушыны ауыстыру, цифрлық шотты жабу тәртібі.

5) пайдаланушының цифрлық шоты бойынша операцияларды растау үшін криптографиялық кілттерді шығару тәртібі қамтылады.

Цифрлық шот шартында платформаны пайдаланушының цифрлық шотына қызмет көрсету үшін қажетті қосымша талаптарды көрсетуге жол беріледі.

17. Платформаға қатысушы цифрлық шот иесінің операцияларына қызмет көрсеткені үшін комиссиялық сыйақыны Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген шекте және операциялардың түрлері бойынша белгілейді

18. Цифрлық шот ашу үшін өтініш беруші қатысушыға "Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14422 болып тіркелген) бекітілген Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларының 26-тармағының 2-параграфында көзделген құжаттарды ұсынады.

19. Қағидаларға сәйкес цифрлық шот ашу үшін пайдаланушы ұсынған құжаттар платформаға қатысушыға "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заң) көзделген клиентті (оның өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша шаралар шеңберінде бұрын берілген жағдайда пайдаланушы сол құжаттарды платформаға қатысушыға қайта ұсынбайды.

Пайдаланушы цифрлық шот ашу үшін ұсынған құжаттарды платформаға қатысушы арнайы құрылған істе әрбір пайдаланушы бойынша жеке не жалпы істе пайдаланушылар бойынша құжаттарды түпнұсқалары бойынша бөле отырып сақтайды.

Платформаны пайдаланушының ісіндегі (жалпы ісінде) көшірмелерде сақталатын жеке басты куәландыратын құжаттар, жарғылар, сауда тізілімінен үзінді-көшірмелер не ұқсас сипаттағы басқа да құжаттар (окшауланған бөлімшелер үшін – ережелер), үлгі жарғы негізінде пайдаланушының қызметін жүзеге асыру фактісін растайтын құжаттар, пайдаланушы-заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), пайдаланушы-филиалдарды және заңды тұлғалардың өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттар және платформаға қатысушыда операциялар жасау құқығына арналған сенімхат ерекшелік болып табылады.

Егер платформаға қатысушының электрондық досье қалыптастыру мүмкіндігі болса, пайдаланушының құжаттарын, оның ішінде түпнұсқа болып табылмайтын құжаттарды қағаз жеткізгіштерде қосымша сақтамай, электрондық түрде сақтауға жол беріледі.

20. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушыға цифрлық шот ашу кезінде цифрлық теңге платформасында есепке алу үшін Қағидаларға 3-қосымшада айқындалған формат бойынша платформаны пайдаланушының цифрлық шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру кодын береді.

21. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушыға цифрлық шот ашқан кезде техникалық құжаттамаға сәйкес криптографиялық кілттерді шығарады.

Криптографиялық кілттерді сақтауды және пайдалануды платформаға қатысушы техникалық құжаттамаға сәйкес жүзеге асырады.

22. Платформаға қатысушы КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның 5-бабына сәйкес, сондай-ақ "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),

терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 22 наурыздағы № 18 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20160 тіркелген) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық пошта операторы үшін ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарды (бұдан әрі – № 18 талаптар) ескере отырып, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөніндегі шаралар қабылданғаннан кейін платформаны пайдаланушыға цифрлық шот ашады.

23. Цифрлық шотты ашу кезінде өтініш беруші – жеке тұлға, егер мұндай шарттар цифрлық шот шартында көзделмеген болса, кәсіпкерлік қызметке, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнайы салық режимі шеңберіндегі қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметке, медиация тәртібімен дауларды реттеу жөніндегі қызметке байланысты операциялардың цифрлық шоты бойынша жүзеге асырмағаны туралы мәліметтер көрсетілетін өтінішті ұсынады.

24. Өтініште КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңға сәйкес клиентті (оның өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру үшін қажетті мәліметтер болады. Платформаны пайдаланушы электрондық цифрлық қолтаңбаны және динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, өтінішті электрондық түрде ұсынады.

25. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, сондай-ақ тараптардың келісуі бойынша цифрлық шот шарты платформаға қатысушының ішкі құжаттарында көзделген қауіпсіздік рәсімдерін қолдана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе динамикалық сәйкестендіруді пайдалана отырып, сондай-ақ № 18 талаптарды ескере отырып, электрондық түрде жасалады.

26. Платформаны пайдаланушыға цифрлық шот ашқан кезде платформаға қатысушы Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен, жағдайларда және мерзімдерде мемлекеттік кіріс органдарын хабардар етеді.

27. Платформаға қатысушы Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 19) тармақшасында, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның 13-бабының 1-тармағында, Төлем және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, Қағидаларда көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайларда цифрлық шотты ашудан бас тартады.

28. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушылардың цифрлық шоттарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтатқан жағдайда цифрлық теңге платформасын пайдаланушының платформаға қатысушыны ауыстыруына болады.

Платформаға қатысушыдан қызметті тоқтату туралы хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде платформаны пайдаланушы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес үлгі нысан бойынша платформаға басқа қатысушыға өтініш жібереді.

29. Платформаға қатысушыны ауыстырған кезде:

1) платформаны пайдаланушының цифрлық шотына қызмет көрсету үшін бұрын жасалған цифрлық шот шарты бұзылуға тиіс. Бір мезгілде платформаны пайдаланушының цифрлық шотына одан әрі қызмет көрсету құқығы берілетін платформаға қатысушымен платформаны пайдаланушыға жаңа жеке сәйкестендіру кодын бере отырып, цифрлық шот шарты жасалады.

2) криптографиялық кілттер техникалық құжаттамада көзделген тәртіппен жаңа қатысушыға беріледі.

2-параграф. Цифрлық шотты жүргізу және цифрлық теңгені айналысқа жіберу

30. Платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша мынадай операция түрлері орындалады:

1) платформаны пайдаланушының пайдасына цифрлық шотқа цифрлық теңгені қабылдауды (есепке жатқызуды) қамтамасыз ету;

2) Қағидаларда және цифрлық шот шартында көзделген тәртіппен цифрлық шотты толықтыру;

3) Қағидаларда және цифрлық шот шартында көзделген тәртіппен платформаны пайдаланушының цифрлық теңгені цифрлық шотқа аудару немесе цифрлық шоттан есептен шығару және бір мезгілде үшінші тұлғалардың банктік шотына есепке жатқызу туралы нұсқауын орындау;

4) Қағидаларда айқындалған цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарының жұмыс істеу режимінің ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында және (немесе) цифрлық шот шартында көзделген негіздер бойынша үшінші тұлғалардың цифрлық шоттағы ақшаны алу туралы нұсқауын орындау;

5) платформаға қатысушының Қағидаларда және цифрлық шот шартында көзделген тәртіппен және жағдайларда платформаны пайдаланушыдан цифрлық теңгені қабылдау және оған беру;

6) платформаны пайдаланушының талабы бойынша платформаны пайдаланушының цифрлық шоттағы цифрлық теңге сомасы және цифрлық шот бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпаратты цифрлық шот шартында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ұсыну;

7) платформаны пайдаланушыға Қағидаларда және (немесе) цифрлық шот шартында көзделген өзге де қызмет көрсетуді жүзеге асыру.

31. Цифрлық шот бойынша цифрлық теңгемен операцияларды, оның ішінде платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы цифрлық теңгені толықтыруды және шығаруды (алып қоюды) оның цифрлық шотына қызмет көрсететін платформаға қатысушы жүргізеді.

32. Платформаны пайдаланушының цифрлық шотын толықтыру мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

1) платформаға қатысушыға қолма-қол ақшаның балама сомасын енгізу (беру) және платформаға қатысушының цифрлық шотынан платформаны пайдаланушының цифрлық шотына цифрлық теңгені есепке жатқызу арқылы платформаға қатысушыдан цифрлық теңгені сатып алу;

2) платформаны пайдаланушының банктік шотынан қолма-қол емес ақшаның балама сомасын есептен шығару және кейіннен платформаға қатысушының цифрлық шотынан платформаны пайдаланушының цифрлық шотына цифрлық теңгені есепке жатқызу арқылы платформаға қатысушыдан цифрлық теңгені сатып алу;

3) платформаны пайдаланушының пайдасына басқа цифрлық шоттардан түсетін цифрлық теңгені есепке жатқызу.

33. Цифрлық шоттан цифрлық теңгені шығару мынадай тәсілдермен жүргізіледі:

1) платформаға қатысушының пайдаланушыға платформаны пайдаланушыдан сатып алынған цифрлық теңгенің балама сомасында қолма-қол ақшаны беруі;

2) цифрлық теңгені басқа цифрлық шотқа аудару;

3) платформаға қатысушының кейіннен қолма-қол емес ақшаның балама сомасын платформаны пайдаланушының банктік шотына есепке жатқыза отырып, пайдаланушының цифрлық шотынан цифрлық теңгені есептен шығаруы.

34. Цифрлық теңге цифрлық шотқа түскен сәттен бастап платформаны пайдаланушының Қағидалардың осы тармағының екінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, цифрлық теңгеге билік ету және цифрлық теңгемен операциялар жасау құқығы туындайды.

Платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша операциялар мынадай:

1) Ұлттық орталық ұсынатын платформаға қатысушының тіркеу куәлігінің қолданысы тоқтатылған немесе кері қайтарып алынған;

2) платформаға қатысушыға платформаға қатысушының қызметі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат беру құжаттары тоқтатыла тұрған немесе одан айырған;

3) цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттары үшін Қағидаларда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, уәкілетті мемлекеттік органдардың және лауазымды адамдардың шешімдері негізінде цифрлық шот бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған;

4) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның талаптарына сәйкес платформаға қатысушы алаяқтықты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды)

, терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды анықтау, сондай-ақ болғызбау жөніндегі шараларды қабылдаған;

5) платформаға қатысушының Ұлттық Банктің алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығымен (антифрод-орталық) өзара іс-қимылы шеңберінде платформаға қатысушы алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын анықтау және олардың жүргізілуін болғызбау бойынша шаралар қабылдаған;

6) платформаны пайдаланушы цифрлық шот шартында белгіленген цифрлық теңгені пайдалану шарттары мен тәртібін бұзған жағдайларда;

7) Қағидаларда белгіленген тәртіппен және жағдайларда цифрлық шотқа қызмет көрсететін платформаға қатысушы ауысқан кезде;

8) цифрлық шотқа рұқсатсыз кіру жөнінде күдік туындаған жағдайда платформаны пайдаланушының өтініші бойынша тоқтатыла тұрады.

35. Платформаны пайдаланушының цифрлық теңгені пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі нұсқауларын орындау платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы цифрлық теңге сомасы шегінде жүзеге асырылады.

36. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушы нұсқауының оған бастама жасалған күні орындалуын қамтамасыз етеді. Платформаға қатысушы нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде цифрлық теңгені алушы-платформаны пайдаланушының пайдасына цифрлық теңгені цифрлық шотқа немесе қолма-қол емес ақшаны банктік шотқа есепке жатқызады.

Есепке жатқызу мерзімдері мен шарттары цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарында айқындалатын цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттары негізінде ақшаны есепке жатқызу жағдайлары ерекшелік болып табылады.

37. Платформаға қатысушы платформаны пайдаланушыға цифрлық шот шартында белгіленген тәртіппен хабарлама жіберу арқылы оны цифрлық шот бойынша жасалған операциялар туралы хабардар етеді.

38. Цифрлық теңгенің қате берілгені, цифрлық шоттың жоғалғаны, ұрланғаны және рұқсатсыз пайдаланылғаны анықталған кезде платформаны пайдаланушы цифрлық шот шартында белгіленген тәртіппен платформаға қатысушыны бұл туралы дереу хабардар етеді.

Рұқсат етілмеген төлем фактісі анықталған немесе қате нұсқау орындалған жағдайларда, ақшаны қайтаруға қатысты Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 56 және 57-баптарының ережелері қолданылады.

39. Платформаға қатысушы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер және банк қызметі туралы заң) 69-бабында көзделген негіздер бойынша және шектерде тұлғаларға

платформаны пайдаланушылар және платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы цифрлық теңгенің сомасы туралы, сондай-ақ цифрлық теңгені пайдалана отырып жасалған операциялар туралы мәліметтерді ұсынады.

40. Инкассолық өкімді орындау Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және "Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларын бекіту турал" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларында (бұдан әрі – № 208 қағидалар) белгіленген тәртіппен және мерзімде цифрлық шоттағы ақша есебінен жүзеге асырылады.

41. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және № 208 қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде төлем талабымен платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы ақшаға есебінен өндіріп алуға рұқсат етіледі.

42. Цифрлық шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе цифрлық шоттағы ақшаға тыйым салу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 740-бабына, "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 125-бабына, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 161-бабына, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 156-бабына, Салық кодексінің 86-бабына, Банктер және банк қызметі туралы заңның 70-бабына, КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның 13-бабына, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32, 62, 123-баптарына, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 11-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері немесе платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілері негізінде жүзеге асырылады.

Цифрлық шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және цифрлық шоттағы ақшаға тыйым салу сыртқы электрондық жеткізгіштердегі цифрлық теңгеге қолданылмайды.

43. Платформаға қатысушыға уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімі және (немесе) өкімі келіп түскен кезде платформаға қатысушы платформаны пайдаланушы мен платформаға қатысушы деректемелерінің уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын

тоқтата тұру туралы шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкестігін тексереді, содан кейін платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.

44. Уәкілетті мемлекеттік органдардың инкассолық өкімін, екінші деңгейдегі банктердің төлем талаптарын орындау Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда , платформаға қатысушының цифрлық теңгені пайдаланушының цифрлық шотынан мәжбүрлі түрде есептен шығаруы, кейіннен қолма-қол емес ақшаның балама сомасын цифрлық шот иесінің банктік шотына не платформаны пайдаланушының цифрлық шотына қызмет көрсететін қатысушының цифрлық шотына есепке жатқызу арқылы жүзеге асырылады.

45. Платформаға қатысушы үш операциялық күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімін және (немесе) өкімін тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға мынадай негіздердің бірі бойынша:

1) платформаға қатысушының және платформаны пайдаланушының деректемелері уәкілетті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімінде және (немесе) өкімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес келмеген жағдайда;

2) егер мемлекеттік кірістер органының платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімі "Өкімдер нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16533 болып тіркелген) сәйкес келмейтін нысан бойынша ресімделсе және ұсынылса, орындаусыз қайтарады.

46. Клиенттің цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын қайта бастау және платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы ақшаға салынған тыйымды алып тастау Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 27-бабының 12-тармағында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

47. Платформаға қатысушы цифрлық шот бойынша нұсқауды және (немесе) шығыс операцияларын орындаудан бас тартуды немесе тоқтата тұруды, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы анықталған кезде цифрлық шоттағы цифрлық теңге сомасын бұғаттауды Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 25-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

48. Платформаға қатысушы КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның талаптарына сәйкес алаяқтықты және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) , терроризмді қаржыландыруды және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруды анықтау, сондай-ақ олардың алдын алу шараларын қабылдайды,

цифрлық шот бойынша нұсқауды және (немесе) шығыс операцияларын орындаудан бас тартуды немесе тоқтата тұруды, цифрлық шоттағы цифрлық теңге сомасын бұғаттауды жүзеге асырады.

49. Платформаға қатысушы КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңның талаптарына сәйкес қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға береді.

50. Цифрлық шот бойынша үзінді-көшірмені беру цифрлық шот шартына сәйкес жүзеге асырылады. Егер бұл цифрлық шот шартында көзделген болса, платформаға қатысушының платформаны пайдаланушыға цифрлық шот бойынша үзінді-көшірмені цифрлық тәсілмен не қолма-қол беру (жеткізу) қызметін ұсынуына рұқсат етіледі.

3-параграф. Цифрлық шотты жабу

51. Цифрлық шотты жабу:

1) егер цифрлық шот шартында және (немесе) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда өзгеше көзделмесе, платформаны пайдаланушының өтініші негізінде;

2) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 29-бабында көзделген тәртіппен цифрлық шот шартының қолданылуы тоқтатылған не оны орындаудан бас тартылған жағдайларда, платформаға қатысушы дербес жүзеге асырады.

52. Мыналар:

1) цифрлық шотқа қойылатын орындалмаған талаптар, оның ішінде уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың платформаны пайдаланушының цифрлық шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ платформаны пайдаланушының цифрлық шотындағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған кезде, оған мыналарға:

платформаны пайдаланушы заңды тұлғаның таратылуына немесе қайта ұйымдастырылуына;

цифрлық шотта бір жылдан астам цифрлық теңгенің болмауына;

платформаны пайдаланушының цифрлық шоты ашылған платформаға қатысушының таратылуына;

жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге берілген лицензиядан айырған жағдайда, платформаны пайдаланушының цифрлық шоты ашылған платформаға қатысушының қайта ұйымдастырылуына;

платформаға қатысушы Банктер және банк қызметі туралы заңда көзделген тәртіппен ислам банкіне конвертациялау нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастырылуына байланысты цифрлық шотты жабу жағдайлары қосылмайды;

2) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы заңға және (немесе) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес цифрлық шотты жабу жағдайларын

қоспағанда, Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес платформаны пайдаланушы платформаға қатысушыға ұсынатын экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар;

3) цифрлық теңгенің смарт-келісімшартына сәйкес айналыс және өтеу шарттары мен өлшемшарттары қолданылатын цифрлық шотта цифрлық теңге болған кезде цифрлық шотты жабуға рұқсат етілмейді.

53. Платформаны пайдаланушының цифрлық шотында қалдық болған және цифрлық шотын жапқан кезде платформаға қатысушы платформаны пайдаланушыдан цифрлық теңгені сатып алады және оған қолма-қол ақша береді не цифрлық шот шартына сәйкес оның банктік шотына қолма-қол емес ақшаны аударады.

54. Платформаға қатысушының Ұлттық Банкте ашылған шотына қолма-қол емес ақша аударылған сәттен бастап Ұлттық Банк цифрлық теңгені өтеген болып есептеледі.

55. Платформаны пайдаланушының цифрлық шотын жабу кезінде платформаға қатысушы платформаны пайдаланушының цифрлық шотына берілген жеке сәйкестендіру кодының күшін жояды.

56. Платформаны пайдаланушының ісінде платформаны пайдаланушының цифрлық шотын жабу негізі көрсетіледі.

57. Платформаны пайдаланушының цифрлық шотын жабу кезінде платформаға қатысушы Салық кодексінің 55-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында айқындалған тәртіппен, жағдайларда және мерзімдерде мемлекеттік кірістер органдарына хабарлайды.

4-параграф. Цифрлық теңгені пайдалана отырып жүргізілетін халықаралық төлемдер және (немесе) аударымдар

58. Қатысушылары Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерімен (қаржы институттарымен) цифрлық теңге платформасында жүзеге асыратын халықаралық төлемдермен және (немесе) аударымдармен байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып, бір жағынан Оператор және (немесе) Ұлттық орталық арасындағы және екінші жағынан орталық (ұлттық) банк және (немесе) шет мемлекеттің ұлттық цифрлық валютасы жүйесінің операторы арасындағы екіжақты немесе көпжақты шартпен реттеледі.

59. Цифрлық теңгені пайдалана отырып жүргізілетін халықаралық төлемдер және (немесе) аударымдар ұлттық цифрлық валюта платформаларының өзара іс-қимылы арқылы немесе Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген шартқа сәйкес қатысушыларды мемлекеттің ұлттық цифрлық валютасының тиісті платформаларына өзара жіберу жолымен жүзеге асырылады.

60. Қағидалардың 58-тармағында көрсетілген халықаралық төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүргізудің, айырбастау бағамын белгілеудің және дауларды шешудің ерекшеліктері, форматтары мен тәртібі шартқа сәйкес айқындалады.

4-тарау. Цифрлық теңгені таңбалау және цифрлық теңгенің смарт-келісімшарттарын қолдану

61. Цифрлық теңгенің смарт-келісімшартын таңбалауды және қалыптастыруды цифрлық шоттың иесі не цифрлық шоттың иесі уәкілеттік берген тұлға Қағидаларға, мемлекеттік саясатты жүргізетін және белгілі бір салада (қызмет саласында) реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ цифрлық шот иесі мен цифрлық теңгені алушы арасында жасалған шартқа немесе цифрлық шот шартына сәйкес жүзеге асырады.

62. Цифрлық теңгені таңбалау цифрлық теңгеге оны одан әрі сәйкестендіруді және жүргізілген операциялардың мониторингін қамтамасыз ететін бірегей әріптік-цифрлық немесе графикалық белгілерді беру арқылы жүзеге асырылады.

Смарт-келісімшартты қалыптастыру кезінде таңбаланған цифрлық теңгені пайдалануға рұқсат етіледі.

63. Цифрлық теңгенің смарт-келісімшарты цифрлық теңгенің смарт-келісімшартында белгіленген цифрлық теңгенің айналыс, пайдалану және өтеу қағидаларына, талаптары мен өлшемшарттарына сәйкес орындалады.

64. Қағидалардың 63-тармағында көзделген талаптардан басқа, цифрлық теңгенің смарт-келісімшарты оның орындалу мерзімін және смарт-келісімшарттың талаптары орындалмаған және (немесе) орындалу мерзімі өткен кезде цифрлық теңгені қайтару мүмкіндігін көздейді.

Жеке тұлғалар арасындағы есеп айырысу үшін қалыптастырылған цифрлық теңгенің смарт-келісімшартын орындау мерзімі цифрлық теңгенің смарт-келісімшартына қол қойылған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайды.

65. Уәкілетті мемлекеттік органдардың инкассолық өкімін және екінші деңгейдегі банктердің төлем талаптарын орындауға өтініш жасау және өтеу тәртібі тиісті цифрлық теңге смарт-келісімшартының, сондай-ақ сыртқы электрондық жеткізгіштердегі цифрлық теңгенің шарттарымен айқындалған цифрлық шоттағы цифрлық теңге есебінен жол берілмейді.

66. Цифрлық шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және цифрлық шоттағы ақшаға тыйым салу айналыс және өтеу тәртібі цифрлық теңгенің тиісті смарт-келісімшартының талаптарымен айқындалған цифрлық теңгемен жасалатын операцияларға, сондай-ақ сыртқы электрондық жеткізгіштердегі цифрлық теңгеге қолданылмайды.

5-тарау. Цифрлық теңге платформасы, платформаға қатысушылардың және платформаны пайдаланушылардың өзара іс-қимыл тәртібі

1-параграф. Платформаға қатысушыларға қойылатын талаптар

67. Қатысушы мәртебесін алу және цифрлық теңге платформасына қол жеткізу үшін қатысушы:

1) Оператормен цифрлық теңге платформасында қатысу шартын (бұдан әрі – қатысу шарты);

2) Ұлттық орталықпен цифрлық теңге платформасында қызмет көрсету туралы шарт (бұдан әрі – қызмет көрсету туралы шарт) жасайды.

68. Қатысу шарты қатысушы жиынтығында мынадай талаптарға сәйкес келген:

1) заңды тұлға Қазақстан Республикасының резиденті болған;

2) заңды тұлғаның Ұлттық Банкте ұлттық валютада ашылған корреспонденттік шоты болған;

3) уәкілетті мемлекеттік органдардың қолданыстағы рұқсат беру құжаттары болған;

4) заңды тұлғаның қызметі саласында;

5) заңды тұлғаның тәулік бойы режимінде қолжетімді болатын цифрлық теңге платформасында жұмыс істеу бойынша техникалық қолдауды қамтамасыз еткен;

6) заңды тұлға оңалту, банкроттық не тарату процесінде тұрмаған кезде жасалады.

69. Қызмет көрсету туралы шарт жасасу үшін заңды тұлға Ұлттық орталыққа:

1) цифрлық теңге платформасына еркін нысанда қосылуға өтініш;

2) қатысу шартының көшірмесін ұсынады.

Қатысу шартында цифрлық теңгені шығару және өтеу талаптары, цифрлық теңгені төлеу және (немесе) аудару тәртібі қамтылады.

Қызмет көрсету туралы шарт Ұлттық орталықтың қызметтеріне ақы төлеу тәртібін, ақпараттық қауіпсіздік, жасырындылық режимін сақтауды, цифрлық теңге платформасында операциялар жүргізу кезінде банктік құпияны сақтауды және дербес деректерді қорғауды қамтиды.

Қатысушының цифрлық теңге платформасына қолжетімділігі Қағидалардың 67-тармағында көрсетілген шарттар жасалғаннан кейін Ұлттық орталықтың техникалық құжаттамасының талаптары сақталған кезде ұсынылады.

70. Оператор төлемдер және Төлем жүйелері туралы заңның 8-бабында белгіленген төлем жүйесі операторының функцияларына сәйкес цифрлық теңге платформасында қызмет көрсетеді.

71. Оператор пайдаланушылардың нұсқаулары бойынша өз төлемдерін және (немесе) ақша аударымдарын және төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу кезінде қатысушы ретінде цифрлық теңге платформасына да қатысады және Ұлттық орталықпен жасалған шарт негізінде Цифрлық теңге платформасын қатысушы мәртебесін алады.

72. Ұлттық орталық платформаға қатысушыларға:

1) цифрлық теңгемен төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу үшін төлем хабарламаларын қабылдау және өңдеу бойынша;

2) платформаға қатысушыларға жасалған операциялар бойынша ақпараттық хабарламаларды қабылдау, өңдеу және жіберу бойынша;

3) Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда және Қағидаларда айқындалған цифрлық теңге платформасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуде өзге де операциялық және технологиялық функцияларды орындау бойынша қызмет көрсетеді.

2-параграф. Цифрлық теңге платформасына қатысушылардың және пайдаланушылардың өзара іс-қимыл тәртібі

73. Цифрлық теңге платформасында төлем және ақпараттық хабарламаларды беру және қабылдау цифрлық тәсілмен жүзеге асырылады.

74. Пайдаланушылар Оператормен келісу бойынша техникалық құжаттама шеңберінде Ұлттық орталық әзірлеген хабарламалардың айырбастау рәсімдері мен форматтарына сәйкес цифрлық теңге платформасында төлем және ақпараттық хабарламалармен алмасады.

75. Төлем және ақпараттық хабарламалармен алмасу рәсімдерін Ұлттық орталық цифрлық теңге платформасына қатысушыларға Ұлттық орталықтың ресми интернет-ресурсында жариялау арқылы қызмет көрсету туралы шартта белгіленген мерзімде жеткізеді.

76. Цифрлық теңге платформасындағы төлемдер және (немесе) аударымдар Қағидаларда, техникалық құжаттаманың талаптарында, платформаға қатысушының ішкі қағидаларында және қатысу, жүйеде және цифрлық шотта қызмет көрсету шарттарында белгіленген қауіпсіздік рәсімдері сақталған жағдайда жүзеге асырылады.

77. Ұлттық орталық платформаның әрбір қатысушысы және оны пайдаланушылар бойынша цифрлық шоттардағы цифрлық теңгенің жиынтық қалдықтары туралы ақпаратты күнделікті есепке алуды жүзеге асырады.

78. Ұлттық орталық пен платформаға қатысушылар ақпараттың сақталуын қамтамасыз етеді де жіберілетін және алынатын электрондық хабарламалардың мониторингін жүзеге асырады.

Цифрлық теңгені пайдалану кезінде қалыптастырылатын ақпаратты сақтау цифрлық шотты жапқаннан кейін бес жыл ішінде оның тұтастығы мен өзгермейтіндігін сақтай отырып қалыптастырылған, жөнелтілген немесе алынған форматта қамтамасыз етіледі. Ұлттық орталық пен платформаға қатысушылар өңдеген барлық төлем және ақпараттық хабарламалар Ұлттық орталықтың және платформаға қатысушылардың бағдарламалық жүйелерінде аудиторлық із қалдырады.

79. Ұлттық орталық платформаға қатысушының цифрлық шотындағы цифрлық теңге сомасының қалдығын ескере отырып, платформаға қатысушылардың цифрлық шоттары бойынша цифрлық теңге төлемдерін және (немесе) аударымдарын өңдеуді қамтамасыз етеді.

80. Төлем хабарламаларын Ұлттық орталық өңдеген кезде оларды өзгертуге рұқсат етілмейді.

81. Төлем және ақпараттық хабарламалармен алмасу кезінде Ұлттық орталық пен платформаға қатысушылары аутентификация құралдарын, ақпаратты криптографиялық қорғауды және платформаға қатысушыға Ұлттық орталық ұсынатын тіркеу куәліктерін пайдаланады.

82. Цифрлық теңге платформасында операциялық күнді ашу және жабу Оператор белгілеген цифрлық теңге платформасының жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

83. Ұлттық орталық платформаға қатысушының сұратуы бойынша цифрлық теңге платформасының операциялық күні ішінде және операциялық күні жабылған кезде оның цифрлық шотының жай-күйі туралы үзінді көшірме түрінде ақпараттық хабарлама ұсынылады.

84. Төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының аяқталуы (аяқталуы) Төлемдер және төлем жүйелері туралы Заңның 7-бабымен реттеледі.

85. Қатысушы Қағидалардың, қатысу шартының, жүйеде қызмет көрсету туралы шарттың талаптарын, Қағидаларда айқындалған және Ұлттық орталық айқындаған ақпараттық қауіпсіздік шараларын бұзған кезде, оның ішінде пайдаланушы рұқсат етілмеген төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүргізген кезде Ұлттық Банк қатысушыға мынадай шаралардың бірін қолданады:

1) анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін қатысушының жүйеге қатысуын тоқтата тұру;

2) цифрлық теңге платформасында қатысу шартын және қызмет көрсету туралы шартты бұзу.

3-параграф. Платформаға қатысушының цифрлық шоттарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруды тоқтата тұру және тоқтату

86. Қатысушыға берілген рұқсат беру құжаттарын тоқтата тұру туралы сот шешімі немесе платформаға қатысушының қызметі саласындағы уәкілетті органның ұйғарымы заңды күшіне енген жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, қатысу және қызмет көрсету шарттарында белгіленген жағдайларда Ұлттық орталық Оператордың жазбаша хабарламасы негізінде платформаға қатысушының цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметін тоқтата тұрады.

87. Платформаға қатысушының цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметін тоқтата тұру оны платформаға қатысушы мәртебесінен айырмайды және Қағидалардың 86-тармағында көрсетілген жағдайлар жойылғанға дейін жарамды болады.

88. Платформаға қатысушының цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметі:

1) соттың заңды күшіне енген шешімі немесе уәкілетті органның платформаға қатысушының қызметі саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген рұқсат беру құжатынан айыру (күшін жою) туралы нұсқамасы болған кезде;

2) платформаға қатысушы террорлық іс-қимылға қатысы бар адамдар тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізбесіне енгізілген, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, қатысу және қызмет көрсету шарттарында белгіленген жағдайларда тоқтатылады.

Қатысушының цифрлық теңге сақталатын цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметі, цифрлық теңгенің айналыс және өтеу тәртібі цифрлық теңгенің тиісті смарт-келісімшартының талаптарында айқындалған, цифрлық теңгенің смарт-келісімшарты орындалғаннан кейін не оның мерзімі өткен соң тоқтатылады.

89. Платформаға қатысушы цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметін тоқтата тұрған не тоқтатқан кезде Оператор Ұлттық орталыққа және платформаға қатысушыға қызметті тоқтата тұру не тоқтату күні мен себептері туралы жазбаша хабарлайды.

90. Платформаға қатысушы платформа пайдаланушыларының цифрлық шоттарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтатқаны туралы Операторға және Ұлттық орталыққа дереу, бірақ 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша хабарлайды. Платформаға қатысушы Операторға және Ұлттық орталыққа цифрлық теңге платформасында цифрлық шоттарға қызмет көрсету жөніндегі қызметті тоқтату фактісі туралы уақтылы хабарламаған не хабарламаған жағдайда, қатысу шартында көзделген жауаптылықта болады.

91. Платформаға қатысушы үшінші тұлғалардың платформаға қатысушының бағдарламалық қамтылымы арқылы оның Цифрлық шотына рұқсатсыз кіруі, сондай-ақ платформаға қатысушының бағдарламалық қамтылымындағы қателер немесе ақаулар салдарынан платформаны пайдаланушыға келтірілген залал үшін цифрлық шот шартының талаптарына сәйкес платформаны пайдаланушылар алдында жауапты болады.

92. Ұлттық орталық пен платформаға қатысушы электрондық хабарларды дұрыс бағыттауға, цифрлық теңгемен жасалатын операциялар бойынша ақпаратты қорғауға, Қағидалардың және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға жауапты болады.

6-тарау. Цифрлық теңге платформасындағы ақпараттық қауіпсіздік рәсімдер

93. Цифрлық теңге платформасында қолданылатын қауіпсіздік және ақпаратты қорғау рәсімдері цифрлық теңгені шығарудың, айналыстың және өтеудің барлық кезеңдерінде ақпаратты үздіксіз қорғауды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) платформаға қатысушының не пайдаланушының операцияларды жасау кезінде цифрлық теңгені пайдалану құқығын дұрыс белгілеу;

2) цифрлық теңгені пайдалану кезінде жасалатын электрондық хабардың мазмұнында бұрмаланудың және (немесе) өзгерістің бар-жоғын анықтау;

3) ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету;

4) цифрлық теңгені пайдалануға байланысты оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру кезінде дәлелдемелерді қамтамасыз ету.

94. Ұлттық орталық:

1) ақпараттық және төлем хабарларын аутентификациялау тәртібін әзірлейді және бекітеді, оның сақталуын және рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау іс-қимылдары рәсімдерінің реттілігін бақылайды;

2) ақпаратты криптографиялық қорғаудың сертификатталған құралдарын және тіркеу куәліктері мен криптографиялық кілттерді пайдалану тәртібін айқындайды.

95. Ұлттық орталық пен платформаға қатысушылар электрондық хабардың жасырындылығын, тұтастығын қамтамасыз ету үшін, авторлықты және түпнұсқалықты растау үшін ақпаратты криптографиялық қорғау құралын қолданады.

96. Цифрлық теңге платформасында платформаға қатысушыны және Ұлттық орталықты аутентификациялауға мүмкіндік беретін екіжақты аутентификацияның крипто-протоколына құрылған цифрлық теңге платформасына қатысушылардың аутентификациясы қолданылады.

Платформаға қатысушының аутентификациясынан кейін Ұлттық орталық пен платформаға қатысушы арасында электрондық хабар алмасу жүреді. Үшінші тұлғалар тарапынан рұқсатсыз кіруден қорғау мақсаты үшін Ұлттық орталық пен платформаға қатысушылар сақталатын және берілетін электрондық хабарларды шифрлауды қамтамасыз етеді.

97. Цифрлық теңге платформасына қатысушының бағдарламалық қамтылымы:

1) жабдықтың кез келген учаскесінде кез келген уақытта электрмен жабдықтауды толық немесе ішінара ажырату кезінде ақпаратты сенімді сақтау, рұқсатсыз кіруден қорғау, дерекқорлардың тұтастығы және ақпараттың цифрлық архивтер мен дерекқорларда толық сақталуын;

2) кірудің кемінде екі деңгейін: әкімші және пайдаланушы көздейтін бағдарламалық қамтылымда іске асырылған кіру деректеріне, функцияларға, операцияларға, есептерге көп деңгейлі қол жеткізуді;

3) цифрлық теңгемен жасалатын операцияларды жүргізуге және тіркеуге қажетті толтыруға міндетті жолдардың енгізілетін деректерінің толықтығын бақылауды;

4) бес жыл ішінде сұратуды сақтай отырып, өлшемшарттар мен параметрлер бойынша ақпаратты іздеуді, сондай-ақ кез келген параметрлер бойынша ақпаратты сұрыптауды және егер мұндай ақпарат бағдарламалық қамтылымда сақталуға жататын болса, алдыңғы күндердегі ақпаратты қарау мүмкіндігін;

5) цифрлық теңгемен жасалатын операциялар бойынша ақпаратты өңдеуді және оны күні мен уақыты бойынша сақтауды;

6) платформаға қатысушылардың Операторға ұсынатын есептерді, сондай-ақ цифрлық теңгемен жасалған операциялар туралы есептерді автоматтандырылған қалыптастыруды;

7) платформаны пайдаланушылардың сәйкестендіру нөмірін және платформаны пайдаланушының жеке сәйкестендіру кодын көрсете отырып, цифрлық шоттардағы цифрлық теңгемен операциялар және цифрлық шоттардағы цифрлық теңгенің қалдықтары бойынша жүйеішілік журналдарды жүргізу және автоматтандырылған түрде қалыптастыру;

8) есепке алу жүйелерінде сақталатын деректерді резервтеу және қалпына келтіру мүмкіндігін;

9) шығыс құжаттарын экранға, принтерге немесе файлға шығару мүмкіндігін;

10) электрондық құжаттармен алмасу мүмкіндігін;

11) бағдарламалық қамтылымда өңделетін цифрлық теңгемен жасалатын операцияларды тіркеуді және сәйкестендіруді;

12) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды қорғау периметрінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралдарының алдын ала орнатылған есептік жазбаларының парольдерін ұсынылатын өзгертуді қамтамасыз етеді.

98. Цифрлық теңге платформасына қатысушы ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, ақпараттық қауіпсіздікті басқару процесін, оның ішінде ақпараттық қауіпсіздік саясатын регламенттейтін ішкі құжаттарды бекітеді.

99. Цифрлық теңге платформасына қатысушы цифрлық теңгемен жасалатын операциялар бойынша ақпараттың жасырындылығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді.

100. Цифрлық теңге платформасына қатысушы ақпараттық активтерге қатысты тәуекелдің қолайлы деңгейінің өлшемшарттарын көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқарады. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін іске асыру кезінде осындай тәуекелдердің туындауын барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленеді.

101. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін мониторингтеу барысында алынған ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпарат шоғырландыруға, жүйелеуге және сақталуға тиіс. Ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары туралы ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 5 (бес) жылды құрайды.

102. Цифрлық теңге платформасына қатысушы ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын, оның себептері мен салдарын жоюға шұғыл шаралар қабылдау тәртібін айқындайды.

103. Цифрлық теңге платформасына қатысушы ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғалары, қабылданған шаралар мен ұсынылатын түзету шаралары туралы барлық ақпаратты көрсете отырып, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын есепке алу журналын жүргізеді.

7-тарау. Цифрлық теңге платформасындағы тәуекелдерді басқару жүйесі

104. Операциялық тәуекелдерді анықтау, өлшеу және мониторингтеу мақсатында Оператор цифрлық теңге платформасын қадағалауды (оверсайт), оның ішінде жүйенің жұмыс істеуін халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

105. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару үшін заңнамалық және реттеуші талаптарға, қолданылатын халықаралық және мемлекеттік стандарттардың талаптарына, сондай-ақ техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес ұйымдастырушылық және техникалық шаралар қолданылады.

106. Операциялық тәуекелді анықтау, өлшеу, мониторингтеу және басқару үшін мынадай әдістер қолданылады:

1) Ұлттық орталықтың Операциялық тәуекелді басқару жөніндегі ұлттық орталықтың ішкі құжаттарында айқындалған әдістерге сәйкес цифрлық теңге платформасының бағдарламалық-техникалық кешенінің үздіксіз жұмысына тұрақты мониторингтеу және қолдау;

2) толық жарамдылығын және тұрақты дайындығын қамтамасыз ету үшін цифрлық теңге платформасының жабдығына тиісті техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, ескірген жабдықты сатып алуды жоспарлау және ауыстыру;

3) цифрлық теңге платформасын жетілдіру және ақауларды жою бойынша қажетті әзірлемелер мен пысықтаулардың орындалуын қамтамасыз ету;

4) цифрлық теңге платформасының қолданбалы (жалпы жүйелік) бағдарламалық камтылымның тұрақты нұсқаларын тестілеу және жаңартуларды тұрақты орнату;

5) цифрлық теңге платформасы қолжетімсіз болған жағдайда, уақытылы анықтауды, тіркеуді, ден қоюды және талдауды, сондай-ақ тоқтап қалуды есепке алуды қоса алғанда, оқиғалар мен оқыс оқиғаларды басқару;

6) жүйенің жұмысын тоқтатудың ықтимал сценарийлерін ескере отырып, Цифрлық теңге платформасының жұмыс істеуін қалпына келтіру жоспарын жаңартылған күйде ұстау және Ұлттық орталықтың осы жоспарды тестілеуі;

7) деректерді өңдеудің негізгі және резервтік орталықтарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету;

8) деректерді өңдеудің негізгі орталығында қалпына келтіруге жатпайтын цифрлық теңге платформасының бағдарламалық-техникалық кешенінің жұмысында іркілістер немесе тоқтап қалулар болған кезде цифрлық теңге платформасының жұмысын деректерді өңдеудің негізгі орталығынан деректерді өңдеудің резервтік орталығына ауыстыру.

107. Оператор тәуекелдерді басқарудың пайдаланылатын әдістерін талдауды Ұлттық орталықпен және платформаға қатысушылармен бірлесіп 2 (екі) жыл ішінде кемінде 1 (бір) рет жүргізеді. Талдау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқару әдістерін сақтау немесе өзгерту туралы шешім қабылданады.

Цифрлық теңгені шығару,
айналысқа жіберу
және өтеу қағидаларына
1-қосымша

Цифрлық шот ашуға өтініш

1. Өтініш берушінің жеке мәліметтері

ЗТ/ЖК атауы _____

Тегі: _____

Аты: _____

Әкесінің аты (ол болған жағдайда): _____

Туған күні: ____ / ____ / _____

заматтығы: _____

Жеке басын куәландыратын құжат:

Құжат түрі: _____

Сериясы және нөмірі: _____

Кім берді: _____

Берілген күні: ____ / ____ / _____

ЖСН/БСН: _____

2. Байланыс мәліметтері

Тіркелген мекенжайы: _____

Нақты тұратын мекенжайы (егер өзгеше болса): _____

Ұялы телефоны: _____

Email: _____

3. Қосымша қызметтер

Интернет-банк/мобильді қосымша

Банк картасы

SMS-хабарламалар

Автотөлемдер

Басқасы: _____

4. Дербес деректерді өңдеуге берілетін келісім

Осы арқылы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес менің дербес

еректерімді өңдеуге келісімді беремін.

Өтініш берушінің қолы: _____

Толтырылған күн: ____ / ____ / _____

Цифрлық теңгені шығару,
айналысқа жіберу
және өтеу қағидаларына
2-қосымша

Цифрлық шот иелерінің операцияларына қызмет көрсеткені үшін цифрлық теңге платформасына қатысушылардың комиссиялық сыйақысының түрлері мен шекті мөлшері

№	Операция түрі	Сыйақы мөлшері
Жеке тұлғалардың операцияларына қызмет көрсетуге арналған тарифтер		
1	Цифрлық шот ашу	тегін
2	Клиенттің цифрлық теңгені сатып алуы	тегін
3	Банктік шотқа цифрлық теңгені өтеу	тегін
4	Қолма-қол ақша беру арқылы цифрлық теңгені өтеу	қатысушы банктік шотты пайдалана отырып, қолма-қол ақша беру бойынша ұқсас қызметтерге қатысушының тарифтері шегінде дербес белгілейді
5	Қатысушының клиенттері арасында цифрлық шоттарды пайдалана отырып жасалатын аударымдар	қатысушы банктік шотты пайдалана отырып, өз клиенттері арасындағы ұқсас аударым қызметтеріне қатысушының тарифтері шегінде дербес белгілейді
6	Басқа қатысушылардың клиенттерінің пайдасына цифрлық шоттарды пайдалана отырып жасалатын аударымдар	қатысушы банктік шотты пайдалана отырып, басқа төлем жүйелеріндегі басқа қатысушылардың клиенттерінің пайдасына аударымдардың ұқсас қызметтеріне қатысушының тарифтері шегінде дербес белгілейді
7	Қатысушының клиенттері арасындағы цифрлық шоттарды пайдалана отырып жасалатын төлемдер	тегін
8	Басқа қатысушылардың клиенттерінің пайдасына цифрлық	тегін

	шоттарды пайдалана отырып жасалатын төлемдер	
9	Цифрлық теңгені таңбалау және смарт-келісімшартын жасау	қатысушы дербес белгілейді
Заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің операцияларына қызмет көрсетуге арналған тарифтер		
1	Цифрлық шот ашу	тегін
2	Клиенттің цифрлық теңгені сатып алуы	тегін
3	Банктік шотқа цифрлық теңгені өтеу	тегін
4	Қолма-қол ақша беру арқылы цифрлық теңгені өтеу	қатысушы банк шотын пайдалана отырып, қолма-қол ақша беру бойынша ұқсас қызметтер үшін қатысушы белгілейтін тарифтер шегінде дербес белгілейді
5	Қатысушының клиенттері арасындағы цифрлық шоттарды пайдалана отырып жасалатын төлемдер	қатысушы банктік шотты пайдалана отырып, басқа төлем жүйелерінде өз клиенттері арасындағы ұқсас көрсетілетін төлем қызметтеріне қатысушының тарифтері шегінде дербес белгілейді
6	Басқа қатысушылардың клиенттерінің пайдасына цифрлық шоттарды пайдалана отырып жасалатын төлемдер	қатысушы банктік шотты пайдалана отырып, басқа төлем жүйелеріндегі басқа қатысушылардың клиенттерінің пайдасына ұқсас көрсетілетін төлем қызметтеріне қатысушының тарифтері шегінде дербес белгілейді
7	Цифрлық теңгені таңбалау және смарт-келісімшартын жасау	қатысушы дербес белгілейді
Мемлекеттік органдардың операцияларына қызмет көрсету үшін тарифтер		
1	Цифрлық шот ашу	тегін
2	Клиенттің цифрлық теңгені сатып алуы	тегін
3	Цифрлық теңгені өтеу	тегін
4	Аударымдар	тегін
5	Төлемдер	тегін
6	Цифрлық теңгені таңбалау және смарт-келісімшартын жасау	тегін

Цифрлық теңгені шығару,
айналысқа жіберу
және өтеу қағидаларына
3-қосымша

Цифрлық шот нөмірінің бірыңғай құрылымы

1. Цифрлық шот нөмірінің бірыңғай құрылымының ұзындығы белгіленген KZCCBBBDTXXXXXXXXXXXX жиырма разрядтан тұрады, мұндағы:

1) бірінші және екінші разрядтар – Қазақстан Республикасының коды. KZ халықаралық коды қолданылады;

2) үшінші және төртінші разрядтар – цифрлық шот нөмірінің шынайы болуын және оны төлем және өзге де құжаттарда дұрыс көрсетілуін бақылауға, қамтамасыз етуге арналған бақылау разряды;

3) бесінші, алтыншы және жетінші разрядтар – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін қатысушының коды;

4) сегізінші және тоғызыншы разрядтар – DT цифрлық шот белгісі қолданылады;

5) оннан жиырмаға дейінгі разрядтар – бір қатысушының ақпараттық (операциялық және өзге) жүйесінде бірегей болып табылатын және платформаны пайдаланушыны бір мәнді сәйкестендіруді қамтамасыз ететін қатысушының не платформаны пайдаланушының цифрлық шотының жүйеішілік нөмірі.

Цифрлық шоттың жүйеішілік нөмірінің разрядтары қатысушының қалауы бойынша пайдаланылады. Бос белгілер нөлдермен белгіленеді және нөмірдің алдында сол жақта пайдаланылмаған разрядтарда орналасады. Цифрлық шоттарды нөмірлеуде "I", "Q", "O" әріптерін қоспағанда, латын әліпбиінің цифрлық немесе әріптік-цифрлық символдары пайдаланылады. Цифрлық шоттың жүйеішілік нөмірінде әріптік символдар болған кезде бақылау разрядын есептеу осы қосымшада көзделген әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесін пайдалана отырып жүргізіледі.

2. Цифрлық шот нөмірін көзбен шолып қабылдауды оңайлату мақсатында төлем құжаттарында және қағаз жеткізгіштегі өзге де құжаттарда аралықпен бөлінген төрт таңбалы символдардан тұратын цифрлық шот нөмірін мынадай түрде көрсетуге жол беріледі:

KZCC BBBD TXXX XXXX XXXX.

3. Электрондық түрде ресімделген төлем және өзге де құжаттарда цифрлық шоттың нөмірі белгілердің үздіксіз реттілігі түрінде көрсетіледі.

Әріптік символдарды цифрлық символдарға айырбастау кестесі

A=10	G=16	N=23	V=31
B=11	H=17	P=25	W=32
C=12	J=19	R=27	X=33
D=13	K=20	S=28	Y=34
E=14	L=21	T=29	Z=35
F=15	M=22	U=30	

4. Бақылау разрядын есептеу кезінде санды 97-ге бөлуді көздейтін халықаралық стандарт (Modulus 97-10, ISO-7064) қолданылады, бөлуден алынған қалдық 98-ден шегеріледі. Егер нәтиже бір таңбалы сан болса, алдыңғы бір нөл қосылады.

Цифрлық теңгені шығару,

**Цифрлық теңге платформасына қатысушыны
ауыстыру туралы өтініштің үлгі нысаны**

Өтініш беруші: _____

(заңды тұлғаның атауы / жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

БСН / ЖСН: _____

Цифрлық теңгені шығару, айналысқа жіберу және өтеу қағидаларының 28-тармағына сәйкес

цифрлық шотқа қызмет көрсететін қатысушыны ауыстыруды жүзеге асыруды сұраймын.

Өтініш берушінің цифрлық шоты туралы мәліметтер:

Цифрлық шот нөмірі: _____

Қолданыстағы (ауыстырылатын) қызмет көрсететін банк туралы мәліметтер:

Атауы: _____

БСН: _____

—
БСК: _____

—
Өтініште көрсетілген мәліметтердің дәйектілігін растаймын және оларды пайдалануға келісім білдіремін.

Күні: 20__ жылғы "___" _____

Өтініш берушінің / уәкілетті адамның қолы: _____

—
Т.А.Ә.: _____

—
(бар болса – мөр)